



Ақмешіт

11 ақпан
сейсенбі
№11 (2124)
2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

«Жаңа адамдар» форумы: «ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ – ЖАСАМПАЗ»

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай
қайратты,
Мен жастарға сенім!»
Дәл осылай екі ғасыр
бұрын Мағжан Жұмабаев
толғаған. Жастардан мін
іздеп, сын тағу кімнің де
болсын, қолынан келері
анық. Бірақ сенім артып,
арқадан қағу, қолынан
іс келетініне үміт артып,
мотивация беру – нағыз
қамқордың ісі.
Кешегі «Жаңа адамдар»
форумында ел Президенті
осындай ерек істі
байқатты. «Қазақстанның
жастары – жасампаз» деп
оң бағасын берді.



Форумда «Жаңа адамдар» қозғалысының жетекшісі
Ә.Баденова ұйымның атқарған ауқымды істерін
баяндады. Қозғалыстың құрамында 19 қаладағы кампус,
15 мыңға жуық мүше бар. Жастар өздеріне лайықты қоғам
мәселесін шешуге барынша атсалысып келеді. Түрлі
әлеуметтік кеселдермен күресуде. Ашық ұстанымдары
мен еркін ой-пікірін танытып жүр. Мемлекет басшысы

азат елдің еркін ойлы жастарына нық сеніммен қарады.
Олардың бойындағы Отанға, елге деген сүйіспеншілік пен
құрметке ризашылығын білдіріп, көзі ашық, көкірегі ояу
азаматтардың әр жетістігіне қуанатынын, әр бастамасын
қолдайтынын жеткізді.

– Қазақстанның жастары – жасампаз. Мен мұны үнемі
айтып жүрмін. Жаңа ғана өте жақсы ойлар айтылды. Тың

идеялар, игі бастамалар бар. Сіздердің сөздеріңізді тыңдап,
форум атмосферасын сезіне отырып, кеудемді мақтаныш
кернеді. Қазақстанның болашағына деген сенімім нығая
түсті. «Жас келсе – іске» деп бекер айтпаған. Еліміздің
келешегі ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи
жастардың қолында. Мен Президент ретінде сіздерге зор
үмітпен қараймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-БЕТТЕ



– Үкімет кредит мөлшерлемесін субсидиялау
арқылы банк қаржысын тарту туралы бастама көтерді.
Қаржы секторы осы міндетті орындауға белсенді
қатысуға тиіс. Үкімет Кепілдік қорын құру мәселесін
пысықтап жатыр. Бұдан бөлек, Бірыңғай жинақтаушы
зейнетақы қорынан «ұзақ мерзімге берілетін» қаржы
тартылады. Бұл – жеткіліксіз. Нақты секторды
кредиттеу көлемін арттыру үшін басқа да ұсыныстар
қажет. Мен Үкімет отырысында Ұлттық қор ел
экономикасының бір бөлшегі екенін айттым. Кейбір
шолушылар, қоғам қайраткерлері Үкіметтің Ұлттық
қордан жиі әрі көп қаржы алатынын айтады. Бұл –
калыптасқан ахуалға байланысты қабылданған шешім.
Осыған бола «дағдарысқа тап болдық» деп байбалам
салатындай себеп көріп тұрған жоқпын. Қорды не үшін
құрдық?

2-БЕТТЕ

■ ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНҒАН ЖЕР

Қалалардың да адамдар сияқты тағдыры болады.
Қызылорданың тағдыр талайына ел астанасы болу
жазылған екен. Ұлы ойшыл әл-Фараби айтқандай,
қалалардың қайырымды да ақылды, тіпті бақытты
болмағы ондағы тұрғындарына байланысты. Көп
қалалардың ішінде Қызылорданың астана болып
таңдалуы да біраз талқыдан өткені тарихи деректерден
белгілі. Жазы аптап ыстық, қыс күндері өңменіннен өтер
қара суығына жан төзбес қаланы астана ету оңай болған
жоқ. Бұған Сұлтанбек Қожанов сияқты арыстар күш
салды. Белгілі ғалым Амантай Шәріптің «Қожанұлының
Қызылордасы» атты мақаласында бұл туралы кеңінен



айтылады. Мақаладан үзінді келтірсек: «Сталин «Орта
Азияның Шыңғысхань» деп лақап таққан Сұлтанбек
Қожанұлы әуелде Ташкент үшін тартысты. Көрнекті
ғалым, жерлесіміз Әуелбек Қоңыратбаевтың естелігіне
сүйенсек: «Бұл – 1924 жылғы енші алыста Ташкент
маңындағы 40 мың үйлі қазақтар Халық Комиссарлар
Кеңесіне 2 мың атты адам жолдап, Ташкент қазақтарда
қалсын деп тілек айтқан кез». Алайда ұзақ талас-
тәжікеден соң, көкпарға түскен кент РК(б)П ОК-нің
шешімімен 1924 жылдың қарашасында біржолата
өзбек ағайынның қанжығасына байланды. Қазақ ішінде
астана төңірегіндегі айттыс қайта өршіп, үміткер қалалар
қатарында Ақтөбе, Ақмола, Ақмешіт, Әулиеата, Семей,
Шымкент аталды. Тағы бір тарихи қызық факт мынау:
РКП(б) Қазобкомы атқару бюросы 1924 жылғы 8
шілдеде және 14 қыркүйекте, ал тағы бір билік бұтағы
– ҚазОАК-і сол жылғы 29 қыркүйекте Қазақстанның
орталығын Шымкент қаласына көшіру туралы қаулы
шығарған еді. Бірақ бұл үш шешім де орындалмаған.
Сол сәтте мәселенің тоқтатылуына, қисынды
қорытпасын жаңадан жасақталған Қазақ өлкелік партия
комитетінің жауапты хатшысы (республикадағы екінші
дәрежелі қызмет) Сұлтанбек Қожанұлы айтты», – деп
жазады. «Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болсын» деген
Сұлтанбек Қожанұлы не үшін Ақмешітті таңдады
деген сұраққа ғалым мақаласында нақты деректер
келтірілген.

3-БЕТТЕ

■ ЖҮРЕК КІЛТІ

Назира АЙМАХАНОВА, психолог:

АДАМНЫҢ ЖАМАНЫ ЖОҚ

Біздің ұстаным – адамдарды
жақсы болуға шақыру, жақсы адам
болып қалуға үндеу. Осы мақсатта
газет бетінен «Жүрек кілті» айдарын
ашқанбыз. Адамдарға жақсылық жасап,
өзгенің алғысын алғанды жөн көрейік.

Адамдардың жақсы жаққа қарай
өзгеруіне сеп болсақ, біздің де титтей
де үлес қосқанымыз. Бүгінде көп адамға
жылы сөз жетіспейді. Қара басының
қамынан басқаны ойламайтындар кө-
бейді. Жанына тыныштық іздегендер

психолог көмегіне жүгінетіні белгілі.
Сондықтан да оқырмандардың жүрек
түкпіріне жетер әдемі әңгіме өрбіту
мақсатында аймағымызға белгілі пси-
холог Назира Аймахановамен әңгі-
мелесуді жөн көрдік.

4-БЕТТЕ

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ БАҒАСЫН НАРЫҚ РЕТТЕЙДІ

Президент төрағалығымен өткен үкіметтің кеңейтілген
отырысында Премьер-Министр Олжас Бектенов жанар-
жағармай мен газ бағасын кезең кезеңімен «ырықтандыру»
басталғанын мәлімдеді. Мұны ести сала, «көгілдір отын»
тасымалдаушы мекемелер бөркін аспанға ата қуанғандай.
Газ бағасын демде-ақ 20 теңгеге көтеріп үлгерді. Жанар-
жағармай да ізін ала 15 ақпаннан бастап 2-4 теңгеге
қымбаттайды.

Экономика тілінде «ырықтан-
дыру» дегеніміз не? Осы уақытқа
дейін Үкімет бензин және газ
бағасының тұрақтылығына тікелей
араласып отырған еді. Бір литр
жанар-жағармай бағасының шекті
деңгейін белгілеп, баға қосып
сатуға тыйым салған. Бұдан бұлай
үкімет бағаны бақылауынан шы-
ғарады. Яғни нарықты сұраныс
пен ұсыныс реттейтін болады. Егер
көлік саны көбейіп, жанармайға
сұраныс артып кетсе, онда баға
көтеріледі. Керісінше сатып алу
төмендесе немесе адамдар көлік
жүргізуін азайтса, баға төмендейді.

– Үкімет жанар-жағармай мен
газ бағаларын, сондай-ақ тұрғын
үй шаруашылығы және теміржол
саласындағы тарифтерді кезең
кезеңімен ырықтандыра бастады.
Нарық бағасына бірқалыпты қошу
осы салаларға қажетті инвес-
тицияларды тартуға және жанар-
жағармай ташылығы қауіпінен
айналып өтуге мүмкіндік береді.
Бағаның күрт өсуіне жол бер-
мейміз, – деді Олжас Бектенов.

Сұйық отын ба-
ғасының көтерілуі
біздің облысты да
айналып өтпесі
анық. Осындай
баға құбылуын
анықтау мақ-
сатында біз бір-
қатар газ



қую бекеттерін аралап қайттық.
Байқағанымыздай, «Арал газ» және
«Қызылорда газ» бекеттеріндегі
газдың литрі 85 теңгеден сатылуда.
Еліміздің 10 облысында газ бағасы
107 теңгеге дейін көтерілсе, ең
төменгі баға 70 теңге көлемінде

сатыла-
ды деп
жоспар-
лануда.
Темір
тұлпар тіз-
гіндегендер
өз кезегінде бұл жолақидан
бастап, азық-түліктің қымбат-
тауына баруы мүмкін екенін
айтады.

– Газдың қымбаттағанын көбіне
алыс жолға шығып жүрген көлік
жүргізушілері сезінеді. Сөйкесін-
ше, бұл жолақынның қымбат-
тауына да әсерін тигізетіні анық.

Ал жолақидан соң азық-түлік
және басқалар да осы бағадан үлгі
алады. Барлығы бір-бірімен тығыз
байланысты, – дейді жүргізуші
Мадияр.

Ақиқатында, бір көтеріліп ал-
ған баға оңайлықпен түспейді.
Май құю бекетінде қызмет ететін
Ерболат газ бағасы екі күн бұрын
қымбаттағанын жеткізді.

– Бағаның көтерілгеніне екі күн
болды. Бұрын 65 теңгеден сатылып
жүрген газ 20 теңгеге қымбатта-
ды. Қарапайым халыққа әсер
етпей қоймайды. Мұнымен бірге
азық-түлік те қоса қымбаттайтыны
айтпаса да түсінікті. Оны кеше
жұбайыммен базарға барғанда да
көрдік, – дейді ол.

«Жаңа адамдар» форумы: «ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ — ЖАСАМПАЗ»



Әлемнің даму процесі әлдеқайда жылдам жүріп жатыр. Сондықтан тәуелсіз Қазақстан үшін көштен қалмай, дамудың даңғылына шығу маңызды. Қоғамның барлық саласында даму процесі айқын аңғарылғанда ғана, елдің экономикасы қарқын ала түсері анық. Президент қазір еліміз үшін тарихи кезең екеніне, алдымызда биік мақсаттар тұрғанына назар аударды.

– Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйрететін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. «Жаңа адамдар» – жаңа қоғамның айнасы. «Жаңа адамдар» – жаңа болмыс! Бұл – өз еліне адал жастардың қозғалысы. Біздің стратегиямызға қолдау білдірген сіздерге алғыс айтамын. Реформаларымыздың мән-маңызы ұрандарыңызда көрініс тапқан. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құру, «Заң мен тәртіпті» қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген, – деді Мемлекет басшысы.

Тәуелсіз қазақ елінің әрбір түкпірінде отаншылдық сезімді бойына сыйдырып, мемлекет мүддесін өз мақсатымен үндестірген жастар баршылық. Олардың әрбірінің заң мен тәртіптің орнауына, Табиғат-Анаға қамқор болу – маңызды іс. Мемлекет басшысы елдің келешегі жастар екенін ерекше айтып, олардың алдында мүмкіндіктер алаңы ашық екеніне тоқталды.

– Қазақстан балалар мен жастарға жан-жақты қолдау көрсететін әлемдегі аса елдің бірі. Дүниеге келген әр сәби бізден ұлттық бағдарламалардың қатысушысына айналады. Өздеріңізге мәлім, екінші жыл қатарынан Ұлттық қор табысының бір бөлігі балалардың есепшотына түсіп жатыр. Кемелет жасына толғанда олар жинақталған

қаржыны оқуға немесе баспана алуға жұмсай алады. Бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» бағдарламасы іске қосылды. Бұл жүйе ата-аналар үшін өте қолайлы. Сол арқылы балаларының болашақта алаңсыз білім алуына қаражат жинайды. Әр бала алты-жеті жастан бастап



мектепте тегін білім алады. Мұның бәрі – мемлекеттің міндеті. Бірақ әлемнің барлық елінде дәл осылай емес. Барды бағалау маңызды. Біздің жетістігіміз баршылық. Елімізде бастауыш сынып оқушыларына тегін мектеп берілетін болды. Оқушыларымыз мемлекет есебінен әртүрлі үйірмелер мен секцияларға қатыса алады. Мектеп түлектерінің жоғары оқу орнына немесе колледжде грантка түсу мүмкіндігі

Бүгінде мемлекеттік деңгейде қолға алынған «Жастар кадрлық резерві» өз нәтижесін беріп келеді. Келешекте мемлекетті басқарушылардың легі жасакталуда. Тіпті, Мәжіліс пен Мәслихаттарда жастар үшін арнайы квота енгізілгені де қуантады. Жастарға қатысты кәсіп бастауға, баспана алуға да өңірлерде игі бастамалар бар. Президенттің жоғары оқу орнына немесе нәтиже беріп келе жатқанын айтты.

Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде заман талабына сай білікті мамандар өте көп: мұғалімдер, дәрігерлер, ғалымдар, инженерлер, өнеркәсіптегі жұмысшылар және басқа да мамандар бар. Қазақстан жастары креативті индустрияда да көптеген табысқа жетіп жатыр.

– Сондай дарынды азаматтардың арқасында бүкіл әлем жұртшылығы Қазақстанды талантты әрі еңбеккер адамдардың елі деп танытып болды. Мемлекет креативті индустрияның дамуына барынша ықпал етеді. Қазір арнайы қор құрылып жатыр. Ол әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындарына қатысты жобаларды жүйелі түрде қолдаумен айналысады. Жастардың қарым-қабілетін көрсетуіне бұл да бір керемет мүмкіндік. Ең бастысы, адал еңбек етіп, адал табыс табу, яғни адал азамат болу. Биыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы». Біз қоғамда еңбек адамының абырой-беделін көтеріп жатырмыз. Еңбек құлтың қалыптастыру – аса маңызды міндет. Кез келген жұмыс – қадірлі. Әсіресе, жұмысшы мамандықтарын игерген жастарымыз зор құрметке лайық, – деді Мемлекет басшысы.

Басы 1-бетте

НАЙЗАҒАЙ ТАҒДЫР КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Островскийдің «Найзағай» драмасы қиын тағдырмен бетпе-бет келген әйелдің махаббатқа толы ғұмырын бейнелейді. Бұл драма қорғансыз қалған әйелдің махаббат хикаясына құрылған. Аталған драма Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының биылғы маусымының премьерасының шымылдығын түрді.

Драмадан бұрын әуелі брифинг өтті. Жиынға Ғ.Мүсірепов атындағы Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының режиссері, халықаралық, республикалық фестивальдердің лауреаты Дина Жұмабаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Залипа Төлепова және мәдениет саласының үздігі Сырым Әбдіразақов қатысты. Режиссер Дина Жұмабаева қойылым жайлы және дайындық барысындағы қиындықтарды айтып, Ол әйел тақырыбындағы қойылымдарды неліктен жиі тандайтындығына тоқталды.

– Мен өзім әйел болғандықтан, бұл тақырып маған өте жақын және әйел тағдырын іштей сезінемін. Сондай-ақ комедия жанрына баруға қорқамын. Себебі қолыңнан келмейтін істі жасағаннан, қолыңнан келетін іспен айналысқан дұрыс деп санаймын, – деді режиссер.

«Найзағай» – үміт пен арманға толы нәзік жан-ның жүрекжарды тарихы. Жарық пен ерік-жігерді армандайтын жас әйел бостандыққа ұмтылады. Алайда оның жолы ауыр шешімдермен толығып, қатал күндерге әкеп соғады. Бұл жол оның жан дүниесіне жазылмас жара салды. Өмірдің қатал сынағы оған

рухани ауыртпалық әкелгенімен, жаңа күш пен жігер табуына әсер ете ала ма?

Қойылым барысында көрермендер басты кейіпкердің жан дүниесін барынша сезініп, кейіпкермен бірге толқып отырды. Оның ішкі жан дүниесінде болып жатқан алай-дүлейін, қайғы-қасіретін



шынайы қабылдады. Басты кейіпкер өзінің күйеуіне опасыздық жасағанын және оның күнә екенін білсе де махаббатына қосылуды қалады. Бірақ соңында жүрекке түскен ауыртпалық басты кейіпкерді өлімге итермеледі. Қойылымдағы нәзік сезім, кейіпкердің бойындағы қорқыныш пен ауыртпалық көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Тогжан КАМАЛ,
Гүлжайна ӘБДІЛЛАЕВА,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
студенттері



«ҚАРЫЗҒА БЕЛШЕСІНЕН БАТҚАН АЗАМАТТАРҒА КӨМЕКТЕСУ КЕРЕК»

Қор қаржысы мемлекеттік маңызды бар міндеттерден өзге мақсатқа жұмсалып жатса бір жөн. Сондықтан тағы да қайталап айтқанда, банктер бизнеске көмектесіп, экономиканың дамуына қаржы салуға тиіс. Дегенмен реттеушілік шаралардың қатандығына қарамастан, тұтынушылық несие көлемі бұрынғыдай өсіп келеді. Былтыр аталған көрсеткіш 33 пайызға ұлғайды. Ал проблемалық борышкерлердің саны 1,5 миллион адамнан асты. Қарызға белшесінен батқан азаматтарға көмектесу керек. Бұл – аса өзекті саяси

көпшілік несие алғандардың саны 8 миллионнан асқан. Оның өсімі 23 пайызға жетіп, 12 трлн теңгеге жақындаған. Үй аламын дегендердің қарызы бір жылда 14 пайызға өсіп, 6,7 трлн теңгеге жеткен.

Бір айта кетерлігі, несиеге көлік шаралардың қатандығына қарамастан, тұтынушылық несие көлемі бұрынғыдай өсіп келеді. Былтыр аталған көрсеткіш 33 пайызға ұлғайды. Ал проблемалық борышкерлердің саны 1,5 миллион адамнан асты. Қарызға белшесінен батқан азаматтарға көмектесу керек. Бұл – аса өзекті саяси



мәселе. Сонымен қатар қаржылық сауатты арттыру, әсіресе өскелең ұрпақтың осы бағыттағы білімін жетілдіру маңызды. Осы ретте банктер проблемалық займдарды қайта қаржыландыру жұмыстарын күшейтіп, борышкерлердің санын өсіруге жол бермегені жөн. Азаматтарға алаяқтық жолмен рәсімделген кредиттерге айрықша мән беру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Бірінші кредиттік бюросының 2025 жылдың I қаңтардағы мәліметі бойынша жеке тұлғалардың банкке берешегі 24 трлн теңгеден асып, азаматтардың қарызы 22,9 пайызға артқан. Ел негізінен қандай мақсатта қарыз алады дегенге келсек. Оқуға, барда мемлекеттің тұғыры қашанда биік болмақ.

Аян СПАНДИЯР,
(Сурет akorda.kz ресми сайтынан алынды)

Басы 1-бетте

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ

«Жекелеген санаттағы азаматтарға жеңілдіктер беру туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 қазандағы №113-17/5 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Жекелеген санаттағы азаматтарға жеңілдіктер беру туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 қазандағы №113-17/5 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6020 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың орыс тіліндегі нұсқасына өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

О внесении изменения в решение Кызылординского городского маслихата от 27 октября 2017 года №113-17/5 «О предоставлении льгот отдельным категориям граждан»

Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Кызылординского городского маслихата от 27 октября 2017 года №113-17/5 «О предоставлении льгот отдельным категориям граждан» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №6020) следующее изменение: пункт 1 изложить в новой редакции, а текст на казахском языке остается без изменения:

«1. Для социальной поддержки граждан, награжденных до 1 января 1996 года орденами «Отан», «Дан», удостоенным высшей степени отличия – звания «Халық Қаһарманы», почетных званий республики - предоставить льготу за счет средств местного бюджета ежемесячно в размере 1,9 месячных расчетных показателей.»

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ МЕН БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІ ҚАЛАНҒАН ЖЕР

«Мемлекет астананың жұртшылығына сүйеніп жұмыс істемесе, бас хукіметтің ісі оңбайды. Олай қылаын десе, Қазақстан хукіметінің аз ғана күш, азын-аулақ дәулеті Орынбор губерниясынан артылмайды» (Ақ жол. 12.11.1924) деп тұжырымдаған қайраткерді қазақтың кіндік қаласының шалғай шетте орналасуы қанағаттандырмағаны өз алдына, Орынборды ол Ресей империясы Шығысқа ашылатын қақпа ретінде іргесін қалаған «отар қоныс» деп сипаттады. Өз ұстанымын бүкпесіз білдіре отырып: «Қайда болса да Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болсын. Кізі үйге орнаса да қалың қазақтың ортасы болсын», – деп жазды (Ақ жол. 28.01.1925).

Сұлтанбек Қожанұлы бастапқыда: «Ауылжақтықты қоздырып, әркім өзіне тартып өшігіп, ақырында қысып келісе алмағандықтан, жүк ескі орнында қалып жүрмесін. Ортаға қойылған мәселе Қазақстанның жалпы астанасы екені ұмытылма-

жұмыстарын кешеуілдетпеуге шақырды. Ол БК(БП) Қазөлкекомының орталықты Орынбордан Ақмешітке көшіру бойынша іс-шараларды зірлеу жөніндегі комиссиясын басқарып, мәжілістеріне төрағалық етті және хаттамаларына қол қойып отырды.

Осылайша, сайын сахарда ат жалы, түйе қонында күн кешіп үйренген қазақ қоныс жаңалаудың бұрын болмаған таңсық түрі – астана көшіне қамданды.

Қызылорда астана болған жылдары Сыр топырағына көшіп келіп, ұлтқа қызмет етуді мақсат еткен алаш зиялыларының адал ниетіне бұл қасиетті мекен аянбай еңбек етуге, ақын-жазушылар үшін алаңсыз шығармашылықпен айналысуға қолайлы болған екен. Қазақтың мекені, Алаштың анасы атанған Қызылорда ел астанасы ғана емес, қазақ өнері мен ғылым-білімінің негізі қаланған, алаш зиялыларының

біздің тауып отырғанымыз 100-ге жуығы ғана, негізі одан да көп болуы керек. Себебі 1935 жылға дейін Қызылордадағы баспаханада (қазіргі Аль-асад дүкені орналасқан ғимарат) кітап басылған. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда – қазақтың ғылымы мен білімінің негізі қаланған жер, – дейді облыстық мұражайдың ғылыми хатшысы Асхат Сайлау.

Облыстық мұражай қызметкерлері атаулы жылда мазмұнды шара өткізуге жоспар құрып, дайындық жүргізуде. Бұл мақсатта «Алаш жолы» атты көрме өткізу, ел астанасы болған жылдардағы Алаш зиялыларының ұлтқа еткен қызметі туралы еліміздің түкпір-түкпірінде көшпелі көрме өткізуді мақсат етіпті.

– Еліміздің бірнеше өңірінде «Алаш жолы» атты көрме өткізуді жоспарлап, соны дайындап жатырмыз. Анығын айтқанда, соуір айында Жымпитыда, мамыр айында Торғайда, одан кейін Семейде көрме өткіземіз. Көрмеге архив материалдары, Қызылорда



сын», – деп алаңдаушылық білдірсе (Ақ жол. 23.12.1924), кейінірек «Қазақстан кіндігі қай қала болсын?» атты мақаласында: «Аты аталып жүрген Ақмешіт қаласы түстігі – Қарақалпақ облысы мен Сырдария губерниясы, күншығысы – Жетісу, теріс түстігі – Ақмола мен Торғай, күнбатысы – Ақтобе мен Орал болып, үлкен жолдың үстінде тұрған ынағайлы қала. Қазақ ұлт мемлекетін жасау ісін аяқтағанына, Ақмешіт үлкен қала болып кететіні анық», – деді (Ақ жол. 28.01.1925).

1925 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Орталық Аққару Комитеті астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру жөнінде қаулы қабылдады. Сұлтанбек Қожанұлы «Лениншіл жас» журналының сол жылғы 1-2 санында «Ақмешітті неге орталық қылып сайлады?» деген сауалға жан-жақты жауап қайтарды. Қаланың орналасқан жерінің экономикалық байланысқа қолайлы екенін, табиғи байлық көздеріне таяу тұрғанын, Сырдария өзенінің егіншілікті өркендетуге мол мүмкіншілік беретінін, ең бастысы – шаһар халқының тоқсан пайызын қазақтар құрайтынын тілге тиек етіп, көші-қон

панасы, рухани ордасы болған қала туралы бұған дейін де жазылды, жазыла да бермек. Алаш зиялыларының табыны тиген қасиетті топырақта ұлттың өнері өркен жайып, ғылымы мен білімі дамыды. Қазақ ақын-жазушыларының да шалқар шабытпен көсіле жазған кезі де осы жылдар екен. Облыстық мұражай қызметкерлері Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхана қорынан 1925-1935 жылдар аралығында Қызылордада басылған 100-ге жуық кітаптың электронды нұсқасын тапқан. Бұл әзірге белгілісі ғана. Кітап саны бұдан да көп болуы мүмкін.

– 1925-1932 жылдар аралығында Қызылордада көптеген кітап басылып шықты. Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтың кітаптары Қызылордадағы баспаханада басылды. Қазіргі таңда бұл Қазақстандық Ұлттық электронды кітапхананың қорынан сол уақыттарда Қызылордада басылған 100-ге жуық кітап тауып отырмыз. Қазір тізімі жасалып жатыр. Анығын айтқанда, тек әдеби кітаптар ғана емес, ғылыми еңбектер де басылған. Мәселен, суландыру жүйесі, биология және басқа салалар бойынша ғылыми еңбектер бар. Қазір

астана болған жылдары еңбек еткен алаш қайраткерлері туралы мәліметтер, сонымен қатар Сыр топырағының перзенті Қоңырқожа Қожықов, Серәлі Лапин, Мұстафа Шоқай сынды қайраткерлер туралы мәліметтер алып барамыз деп жоспарлап отырмыз. Семей – Алаштың өзегі, Торғай – табыны, Жымпиты – жұлыны болса, Сыр – Алаштың жүрегі. Біз осыны көбірек насихаттауымыз керек. Сонымен қатар «Алаштың астанасы – Қызылорда» деген тақырыппен Өскемен, Түркістан, Маңғыстау қалаларына көрме жасаймыз деп жоспарлап отырмыз. Ақмешіттің Қызылорда аталып, ел астанасы болғанына ғасыр толған сәтте Қызылорда атауының авторы Қоңырқожа Қожықовқа ескерткіш қойылса деймін, – дейді ғылыми хатшы.

Айта кетелік, облыстық мұражай қорында қазақ жазушыларының Қызылорда астана болған жылдары өңірде басылған кітапшалар сақталған. Бұл кітапшаларды төте жазудан оқлетанушы Жұмабай Байзақұлы қазақ тіліне аударған екен. Алдағы уақытта бұл кітапшалар кітап болып басылса, нұр үстіне нұр болар еді.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

«АЛАШ» АЛЛЕЯСЫ АШЫЛСА...

Теміржол вокзалы маңындағы Жанәділов көшесінде орналасқан төрт бірдей тұрғын үй мен сол маңдағы 1905 жылғы Транспорт прокуратурасы ғимараты – қазір қолда бар жәдігерлердің бірі. Бірақ жаның ашып, өзегіңді өкініш өртейтіні – сол прокуратура ғимаратының қаңырап бос тұрғаны. Іргесі сөгілмеген, бүп-бүтін ғимарат мұражай атануға сұранып тұр.

Ал әлгі төрт тұрғын үй қосымша құрылыс салып, тарихи орынның сиқын қа-

шырған тәрізді. Әйтсе де, сол бас-аяғы 200 метрге жетеғалып көшенің бойына XIX ғасырдағы брусчатқалар төселіп, көше шамдары қойылса... Ғимараттың қасбеттері де сол кезеңнің көрінісінен хабар беретін баяғы қалпына еңсе... Ал аулалардың қақпасы сол уақыттағы ағаш шарбақтармен қоршалса... Міне, вокзалдан түскен адам осы көшеге келгенде XIX ғасырға еніп кететіндей ғаламат болар еді. Тіпті осы аумаққа «Алаш» шағын ауданы

тәрізді ат қойылып, айдар тағылса, қандай ганибет.

Қазақ тарихының жана-шырларымен сөйлескенде, тіпті Алаш қайраткерлері туралы көркем фильмнің өзінде Қызылорда өңірі түсірілмегенін білдік. Өйткені мұнда сол кезеңнің көрінісінен хабар беретін нысандар жоқ екен. Ал егер біз әлгінде айтқандай әлесе жасасақ, онда кино түсіруге де, туристер тартуға да таптырмас тегік екені айтпаса да түсінікті...

Дәулет ҚЫРДАН

ОҚЫРМАН ОЙЫ

2025 жыл – жалпы қазақстандықтар мен Қызылорда облысының халқы үшін аса елеулі жыл деп есептеуге болады. Бұлай айтуыма себеп-салдар жоқ емес. Олай болса, енді тарихқа жүгінейік. Әңгімені қысқаша әріден бастайын.



БІР ҒАСЫРЛЫҚ АТАУЫ БАР ҚАЛА

Бүгінгі Қызылорда кезінде түрлі қиындықтарды басынан өткерген қала. Соған байланысты атауды да бірнеше рет өзгеріске ұшырап отырды.

Бір дерек көздерінде қаланың салынған уақыты жайлы екі түрлі болжам-пікір айтылады. Бірінші «Ақмешіт Қоқан хандығының қамалы ретінде 1820 жылы салынған» десе, екіншісі «1817 жылы Сырдария бойында қокандық қамал Ақмешіт салынды» делінеді. Қамалды орыс генералы Перовскийдің әскері басып алғаннан кейін «Перовск» болып аталған. 1917 жылға дейін қала Түркістан өлкесі, Сырдария облысының уез орталығы болған. Кейін Ақмешіт аты берілген.

Еліміздің сол кездегі астанасы Орынбордан Ақмешітке көшкеннен кейін 1925 жылы Қазақ АССР-ның кезекті съезі осы қалада өтті. Осы съезде Сұлтанбек Қожанов бастаған зиялы қауым

өкілдері бұрынғы қырғыз-қайсақ болып келген Қырғыз Республикасын Қазақ Республикасы деп атауды бірауыздан қабылдады. Бұл өте маңызды іс-шара болды. Екіншіден, Алаш қайраткерлерінің бірі Қоңырқожа Қожықовтың Ақмешіт атауын Қызылорда деп атауға айтқан ұсыныс-пікірінде зиялы қауым бірауыздан қолдаған. Міне, еліміздегі ең елеулі тарихи өзгеріске де бір ғасыр – 100 жыл болды. Содан бері қарай Қызылорда қаласы түрлі әлеуметтік-экономикалық қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткерді. Бүгінде білімді де білікті басымықтың арқасында аймағымыз республика бойынша барлық көрсеткіштер жағынан алдыңғы қатардан көрінеді. Өсе бер, өркендей бер, Қызылорда!

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,

зейнеткер,
Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

Жеңістің 80 жылдығы жақында келеді. Қазақ елі екінші дүниежүзілік соғыста қаншама боздағанын айрылып, талай отбасы қара жамылды. Майдангер Сарман Әбдіхалықовтың атасы Нұрбек қарияның да шаңырағынан алты арыс соғысқа аттанып, бесеуі қаза болып, 1945 жылдың қараша айында Сарман Әбдіхалықұлы аман-есен елге оралды.



ЖЕҢІС САРБАЗЫ



Өтеген Жұмабеков қарт ұстаздың еңбегін ерекше бағалайды.

– Ол кезде бозбала едім, көрші тұрдык. Ол кісі мектептен келеді. Керуегіне қисайып газет, кітап оқып жатады. Өзі сабырлы жан еді. Ауылдың үлкен-кішісі келіп сәлем беріп, әрі ақыл-кеңесін тыңдайтын. Жұбайы еңбек ардагері, күміс алқалы Бибігүл Баймағамбетқызымен екеуі дүниеге 6 ұл, үш қыз әкелді. Перзенттері жоғары білім алып, ұрпақ өсіруде. Қан майданда ерлікпен шайқасқан ерлер жайлы қанша айтсақ та, қанша жазсақ та – бұл мәңгі өшпейтін тақырып. Ұрпақтар әрқашан олардың алдында қарыздар. Сондықтан Сарман асқалдың есімін мәңгі есте қалдыру үшін атына көше берілсе, құба-құл болар еді, – дейді ол.

Қарт майдангердің балалық шағы қиын-қыстау ашаршылық жылдармен қатар келді. Әкесі Әбдіхалық диканшылықпен айналысқан қарапайым шаруа адамы екен. Ол екі жасында дүниеден өтіп, анасы Базарқұл, апасы Дариха екеуін қанаттыға қақтырмай өсіреді. Ұлы Сарманды 15 жасынан оқытады. Мектеп бітірген соң бір жылдық педагогикалық курста оқып, бастауыш класстарға сабақ береді. Сөйтіп жүргенде мамыражай күннің шырың бұзған сұрапыл соғыс басталып кетеді. Жүрегінде жауға деген өшпенділік оянған жауынгер соғысқа өзі сұранып, 1942 жылы алғашқылардың бірі болып, майданға аттанады. Соғысқа дейін білім алған сауатты жігітті басымылқы әскери-топограф курсынан өткізіп, шекараға жібереді. 1942-1945 жылдар аралығында әскерлерді топографиялық мәліметпен қамтамасыз етіп, бірнеше тәулік бойы демалмастан оқопта жатып, шекарашыларға бағыт-бағдар беріп отырған.

Соғыстан оралған соң майдангер Шымкент қаласындағы педагогикалық институтты бітіреді. Туған ауылы «Қызылту» жетіжылдық мектебінде бастауыш және жоғары класстарға тарих, география пәнінен сабақ береді.

Ұлы Отан соғысы ардагері Сарман Әбдіхалықұлы саналы ғұмырын ұстаздықтың ұлы жолына арнаған. Туған ауылында мұғалім, бастауыш партия ұйымының хатшысы болған. Майдандағы ерлігі үшін «За победу над Германией», «Жеңістің елу жылдығы» мерекелік медалімен наградталған. «Жігітке жеті өнер де аз» деген гой дана халқымыз. Сарман ата топограф-жауынгер, санитар-жауынгер, әмбебап-мұғалім ғана емес, «сырнайшы Сарман» деген атақты да иеленген. Ауылдастары оның бұл өнері үлкен ұлы Маратқа, домбыра, гитарала ойнау Иса мен Гайни атты ұл-қыздарына дарығанын айтады.

Сарман асқалдың көзін көрген көршісі Жақаев ауылының тұрғыны

Ғауһар ҚОЖАХМЕТОВА



Суретті түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте

Қызылорданың астана болғанына ғасыр толды дегенде ең алдымен Алаш қайраткерлерінің табыны тиген қастерлі топырақ екені ойға келеді. Тарихтың тамырын тартып тұрған талай ғимарат бұзылып, жермен жексен болды. Тіпті «Тағзым алаңы» маңындағы олардың тұрған үйлерінің орнын жеке тұрғын үй, кәсіпкерлік нысандары басқан. Қолда барды ұқсаста алмағанымыз өкінішті. Сол жағалаудағы «Рухани жаңғыру» орталығының ғимараты сол кезеңдегі ұлт атауын қайтарған, астана атанған құжаттарымызға қол қойылған ғимарат үлгісімен салынды. Оған да қуандық.

Әйтпесе, әлемнің қанша мемлекеті осындай тарихи орындарын үп еткен желден қорғап отыр. Ал біз ше?!

Назира АЙМАХАНОВА, психолог:

АДАМНЫҢ ЖАМАНЫ ЖОҚ

Адамдардың жүрегі қатайып кеткен...

Психологпен әңгімесіз «Өмірдің мәні неде?» деген сұраққа жауап іздеумен басталады...

– Өмірдің мәні – даму. Біз дамудан артта қалып келеміз. Бұл ашы да болса шындық. Мұны көп адамдар мойындай бермейді. Адамдар қатып қалған қадағалауға үйреніп қалған. Сондықтан әрбір адам өзіне өзгеріс жасауды үйрену керек. Қазіргі кезде даму жолында өзінің болмысындағы бүкіл қасиетті ашуға мүмкіндік бар. Сол үшін барлық мүмкіндікті пайдалан, дамы. Ал даму үшін үнемі білімді толықтырып отыру қажет. Адамдардың жүрегі қатайып кеткені сонша, ештенені де көрмей, сезбей, түсінбейтін болып барады. Қатайған жүрекке махаббатқа орын бар ма? Жүрек жұмсақ болуы керек. Алайда жүрек түрлі жолмен жақсарды. Оның ішінде оқумен, біліммен. Өмірдің мәнін табу үшін дамыңыз. Ал даму рухани құндылықтарға әкеледі. Рухани даму арқылы өсетініміз белгілі. Сол үшін де рухани жағынан ізденуді, білімін жетілдіруді ұсынар едім.

– Дегенмен кейде осы жолда қателесіп жатқандар да бар. Мәселен, офлайн, онлайн психолог маманына жүгінетіндер көбейген. Психологтар адамға қаншалықты көмек бере алады?

– Онлайн сабақтың ең негізгі пайдасы білім алуға қашықтық кедергі болмайды. Еуропадағы мамандардан білім алып жүрмін. Иә, онлайн сабақта нақты қадағалау жоқ, энергия сезілмейді. Дегенмен онлайн оқудың екінші жағы өзің үшін оқуға, заманнан қалып қоймауға ұмтыласың. Ал психологпен офлайн жұмыс істеудің пайдасы 90 пайыз болса, онлайн жұмыс істеу нәтижесі 30 пайыз болады. Сіздің қалауларыңызды орындайтын, көңілден шығатындай нәтиже бермейді.

Мен адамдарды 95 пайыз офлайн қабылдауға тырысамын. Ақшаны бірінші орынға қойсам, келісе берер едім. Онлайн арқылы өзіне қанағаттанатын нәтижесін алмаса, атыма сын келеді. Менің негізгі ұстанымым – тазалық, әділдік, шынайылық, махаббатпен жұмыс істеу болғандықтан мен осыны қызметіме де ұран қылып алғанмын. Мысалы, бір айда 18 адам онлайн кеңесімді алуға хабарласыпты. Олардың барлығынан бас тарттым. Себебі жауапкершілікпен жұмыс істегенді қалаймын. Бірінші орынға ақшаны қоймау қажет. Сол үшін де өз жұмысымынан нәтиже көру үшін адамның өзімен кездесіп жұмыс істегенді қалаймын. Адамдардың қатайған жүрегін жібіте білу – біздің негізгі жұмысымыз. Өзіңізге ұнайтын іспен айналысып, әдемі өмір сүруге қазір мүмкіндік өте көп.

Ата-ана психологтан да, коучтан да артық тәрбие бере алады

– «Өзіңді ойла». Осы мақсатта әлеуметтік желілерде көптеген видеолар таратп жүйегіміз байқаймыз. Бұл адамдарды өзіміздікке апара жатқан секілді емес пе. Маман ретінде не айтасыз?

– Мұның негізгі себебі жаңбырдан кейінгі саңырау-құлақтай көп адамның психологияны үшінші, төртінші мамандық етіп алуы. 3-4 айлық курстарды оқып алып «Мен психологпын» деп жүргендерді қабылдай алмаймын. Ақша табудың жолы деп есептеймін. Мен психология саласында он жыл қатарынан адамдарды тегін қабылдадым. Өйткені мен өзімді сол тәжірибеден өткізім қажет болды. Ал қазіргі психологтар курс оқып алып, ақшасына адам қабылдап «тик-ток», «инстаграм» желісіне түрлі видеолар салып отырады. Мұндай психологтар біреудің тағдырына басқалай зияндарын тигізуі мүмкін. Психология деген оңай мамандық емес. Жантанушы болғаннан кейін адамның жан-дүниесімен жұмыс істейсің. Сондықтан дұрыс бағыт-бағдар бере алмасаң басқа арнаға қарай бұрылып кетуі мүмкін.

«Өзіңді ойла» дегеннің соңы өзіміздікке әкеліп жатқанын мойындау керек. Міне, осы дұрыс бағыт бермегеннен. Мәселен, «мен дамуым керек» деп отбасынан ажырап кетіп жатқандар өте көп. Өзін тауып, өзіне қызмет еткенде ғана басқа мәселелер шешіліп ретін табады. Сондықтан өзіңді дамыту арқылы бір әулеттің шырағын жағып отыруға болады. Бүгінде психологтар туралы жұрт «ақыл айтықтар көбейіп кетті» дейді. Біз ақыл айтыпмыз, кеңес береміз. Осы тұрғыда психологтар кеңес берерде абайлау керек. Мәселен, жақында жеті баласы бар отбасының екі жаққа кетуінің алдын алдық. Барлық кінә ер адамның өзінде болса да, әйелін кінәлей береміз. Сондықтан ер адаммен төрт күн жұмыс істедік. Нәтижесінде әйелі екеуі қол ұстасып келіп тұр. Ер адам өзін қабылдады, кінәсін мойындады. Нәтижесінде жан-жағындағы адамдардың жақсы қасиетін көре бастады.

Қазір әлеуметтік желіні ашсаңыз ерлер бір жақта, әйелдер бір жақта түрлі психолог-коучтар қаптап кетті. Мен кемінде 5 жыл тәжірибесі бар маманды ғана мойындаймын. Жақында бір коучтың мынадай видеосын көріп қалдым. «Қыздар, етек-жеңдеріңді жинаңдар, ажырасып, өздеріңді дамытыңдар, шетелге барыңдар» деп жатыр екен. Міне, осыны естіген әйелдің сол күні ұйқысы бұзылды. Ол балаға қарамайды, күйеуге бағынғысы келмейді. Сонда біздің қазақ тамырымыздағы, рухымыздағы, әдебіміздегі, санамыздағы әдемі әйелдің, әдемі қыздың бейнесі қайда қалды? Әлеуметтік тұрмыстық мәселелерді ерлі-зайыпты

бірге шешуге болады. Бірақ қазір көбі жеңіл жағын таңдайды. Психолог ретінде айтар кеңесім: өмірдің мәні – өсу. Сондықтан білім алыңыздар. Инстаграмды қосып қойып жұрттың бәрін тыңдай беруге болмайды. Өзім инстаграмнан 2 маманды тыңдаймын. Білім алатын кезде де ұстазың болуы қажет. Ол рухани ахуалына, сана деңгейіне өмір сүруіне көмектеседі. Менің де ұстаздарым бар. Ал жастарға айтарым үйдегі ата-ана – сенің ұстазың. Олар психологтан да, коучтан да артық тәрбие береді. Ата-аналардың тәрбиесін ала отырып, психологпен жұмыс істей алсаң ғана дұрыс жолды таңдағың. Ал өзімізді адамның өмірінде қиындықтар көп болады. Шын мәнінде өзін қабылдаған адам эгоист болмайды.

– Қазір адамдар күйгелек, сабырсыз болып барады. Адамдармен қалай дұрыс қарым-қатынас жасаудың біз білмейтін қарапайым ережелері бар ма?

– Өте жақсы сұрақ. Сабырсыз болудың бір себебі – мида тыныштық жоқ. Ұйқыда тыныштық жоқ. Бүкіл энергиямызды әлеуметтік желі тартып алып жатыр. Біздің өмірімізде тәртіптің болмауынан, жоспар жоқтығынан кім болса соның жоспарында жүргендер көп. Телефонға күніне екі сағат қана уақыт арнау қажет. Онда да пайдасы бар, жұмысқа қажет болғанда ғана. Жұрттың өмірін тамашалап отыруға бүкіл энергияңыз жұмсалады. Өзгенің өмірін көріп «мен неге осындай болмадым» деп уайымға салынатындар бар. Әлеуметтік желіде адамның энергиясын ұрлайтын ақпараттар өте көп. Адамның энергиясы басқа жаққа кеткендіктен тынышсыздық пайда болады. Ал сабырсыздықты басатын бірінші – иманы. Уақытылы жоспармен, нақты қадаммен жүретін адам күйгелек болмайды.

Дүние жарыс болып жатыр

– Адамдарда рухани азық азайып барады. Жүректі жақсы ниетке толтыру үшін не істемек керек?

– Алласын таныған адам – өзін таныған адам деп есептеймін. Адамдардың көп қателігі материалдық дамуды алға қойды. Дүние-мүлік, «біреуден бір кірпіш жоғары салсам, анау алды, менде алуым керек» деп, дүние жарыс болып жатыр. Бұрын әжем «шелегің тесік, неменеңе құм жинап жүрсің, ол таңнан кешке дейін толмайды» дейтін. Адамдарда рухани байлық жоқ, материалдық байлықты жинап жатыр. Бірақ ол бақытты емес. Адам материалдық және рухани жағынан тең болуы керек. Бірінші, өзінің жүрегіне тыныштық беру керек. Жанында тыныштық болмау деген сөз өмірінде тыныштық болмайды. Өмірінде тыныштық болмаған дегенімді жалпы үнілуі қажет. Балаға бай болудың жолындағы рухани білімді беріңіз. Сонда олардың барлығы бай болар еді. Қазіргі таңда тәрбиені де теріс беруде. Баланы ақшаң көп болуы керек деген ұстаныммен тәрбиелейміз. Рухани бай болу үшін кітапты көп оқу қажет. Күніне 5 бет кітап оқыған адам бір жылда 12-13 кітап оқиды екен. Мейірімділіктің алғашқы сатысы – ата-анасын құрметтегені. Неге қазір біз мейірімсіз болып кеттік? Неге адамдар қатігез? Туысқандар бір-бірінің үйіне кірмейді. Көшеге шығып, микрофонмен: «халқым, әдемі қамзолдарыңды киіп, көшеге шығындаршы, құшақтасайықшы» деп айқайлағым келеді. Адамдардың қатігез болып бара жатқанын жаныма батады. Бұл өмірде адамға адам ғана керек. Ол сенің бауырың, досың, ата-анаң, туысқаның, қазағың, әріптесің. Соны ойланатын уақыт келді. Кейбір пациенттер келеді. «Бауырыммен хабарласпағалы бір жыл болды» дейді. Бірі: «өкешеммен бөлек шығып кеттім, олар есіктің алдындағы сарайда тұрады» дейді. Осыдан кейін қатыгез болмаған несі қалды. Осының барлығының түбінде иманымыздың жоқтығы, эгоист болу, мен-мен деп бара жатқанын кесірі.

Жақында ауылға бардым. Ауылдағы жаналықтарды естіп жылап қайттым. Балалар арасында суицид көп. Қазір адам қайтыс болса да, елемей отыра беретіндей күйге түстік. Бәрін жеңіл қабылдаймыз. Осыдан кейін құлдырамаған, рухани жағынан төмен түспеген неміз қалды. «Қалай өмір сүріп жатырмыз?» десе, «жылайтын жағдайда тұрмыз» – дер едім. Мынау соғылған коттеждердің не қажеті бар? Ішінде өмір сүріп жатқан адамдардың рухани байлығы, иманы, мейірімі болмаса? Бүгінде адамдар табиғаттың да қалпын білмейді. Осы тақырыпқа келгенде жүрегім ауырады. Адамдарды рухани дамуға шақырамын. Рухани тұрғыдан бай болсаң, ризығың кем болмайды.

Табиғатты, жерді өзіміз қорлап отырмыз. Қазіргі жастар жерде жатқан қоқысты көтермейді. Жоқтықтан емес, тоқтықтан адамдар есіріп барады. Көпқабатты үйлердің арасына тасталған қоқысты көрсен, шошисың. Нан, тамақ бәрін араластырып тастай береді. Қоқысты алып кетуге келген жұмысшылар біреудің анасы, біреудің әкесі екенін ұмытпауымыз қажет. Оларға көмек беріп, қоқысты бөлек-бөлек реттеп қойғаннан құл болмайсың. Осы мәселелерді адамдардың санасына жеткізіп тұрып айту керек. Біздің айтқанды да ұғатын адам ұғады. Алайда осыны оқыған адамның бес пайызының өзгеруіне сеп болсақ, ол да жақсы.

Тәкаппар болатындай сен кімсің?

– Психолог ретінде емес, күнделікті өмірде де жақсылық жасауға ұмтылатыныңыз байқалып тұрады? Жақсы адам болып жүру үшін күшті қайдан аласыз?

– Жақсы адам болу үшін күшті иманнан, білімнен, анамнан аламын. Анама күніне жеті рет хабарласамын. Бауырларымыз жақсы көремін. Бауырларыма үнемі жақсылық жасап тұрамын. Алланың маған аманат етіп берген тіршілігінде жақсылық жасау – алғашқы ұраным. Жақсылықты жақыныңнан баста деген. Бауырларымың балаларына жұма сайын жақсылық жасап тұрамын. Ақша жинамаймын. Жұртқа «жақсылық жаса» деп айтқаннан өзінді тәрбиеле, өзіннің иманыңды күшейт. Оң қолың берген садақаны сол қолың көрмесін. Жақсылық жасасаң да өзіне, жамандық жасаған да өзіне. Әрбір адам үлгі бола білу қажет. Жақсылықтың сауабы мың есе болатынына сенімдімін. Жақсылық жасау – миллиондап ақша беру емес. Ол – ниетіңнің тазалығынан басталады. Ниетін жақсылық жасауға бұрылған кезде ризығың арта түседі. Соның көп пайдасын көрген адаммын. Жақсылықты есепсіз жасау керек. Не істесен де Алланың ризылығы үшін істе. Есебін күтпейтін жақсылық жасаған кезде өзін де күтіп қалмайсың. Денім сау, он екі мүшәм сау. Мен жақсылық жасаудан шаршаймаймын. «Тәкаппар болатындай сен кімсің?» деп әрбір адам өзіне сұрақ қоюы керек. Адамдардың барлығы бірдей. Тәкаппар болатындай ешкім-ешкімнен артық емес. Адам өзімен жұмыс жасағанда осы сұрақты қою керек. Мен өзіммен осылай жұмыс істеймін. Адам өзімен жұмыс істегенде өзін табады. Ал біз біреулер үшін жұмыс істеп жүрміз. Біреулерге жақсы көріну, біреуді пайдалану үшін. Сені де солай пайдалануың кететіндер табылады. Адамдарға реңкімеймін, реңкітпеймін де.

Өзің өзгерсең, өмір де өзгереді

– Мүмкіндігі болса да жақсылық жасайтындыр бар. Жалпы ниетті дұрыстау үшін алғашқы қадамды неден бастаған дұрыс?

– Қолыңда бір болып тұрып көмектеспейтіндей кейде пайдасы бар. Өйткені өздері көп жолдан өтіп келіп, өзінен көмек сұраған адамға сол жолдан өтуге мүмкіндік береді. Психологияда мұны өсуіне, дамуына мүмкіндік беру деп атайды. Егер сізге жағдайы бола тұрп та, болмай тұрып та көмек сұрап алғандың көмектеспесе, алғыс айтыңыз. Ол кісіге риза болыңыз. Өйткені ол адам сіздің өскеніңізді қалайды. Сол қиындықты жеңіп, жоғары жетістікке жетуіңді қалағандықтан кей кезде қолыңды бермей қалуы мүмкін. Біз көмектеспеген адам жайлы теріс пікір туғызбауымыз қажет. Өйткені ол адамның да жолы бар. Адамға не берсе де ниетке береді деген сөзге жүз пайыз қосыламын. Сіздің ойыңызда кішкене арамдық тұратын болса, сізде құлдырау болады. Өзімізді болмау, жақсылық жасау, ниетіңді дұрыстау адамдарға көмектесу – мұның барлығы отбасындағы тәрбие байланысты. Біздің ниетіміз тар. Басқаны талқылауды тоқтату керек. Отбасымын дамуы қолға ал. Жамандық жасама, өсек айтпа, аузыңды тый. Ешкімге реңкіме. Айтуға оңай, әрине, осының барлығы түбінде білімге келіп тіреледі. Тек өзмізбен айналысайықшы. Мәселен, біз әулеттің «whatsapp» группасына бір кітапты жібереміз, оқимыз, талқылаймыз. Балаларға балалар кітабын жібереміз. Әр үйде осындай рухани отарыс болу керек. Балаларға көңіл болу қажет.

– «Ешкімге реңкіме, әдемі өмір сүру керек» дегенді сөз арасында айттып қалдыңыз. Қазір ата-анасына өкпелі жастар бар. Сондай-ақ «бала кезден травма қалып қойған» деп көп айтады. Кейінгі кезде ата-ана үшін де, бала үшін де осы сөз басты мәселеге айналды.

– Әр адам өзінің ішіне үнілгенде жетіспейтін нәрсесін іздеп жүр. 1 жастан жеті жасқа дейін ата-анасының мейіріміне тойып өскен болса, мұны бала есінде сақтап қалады. Отбасындағы кикілжіңдер де баланың жанында сақталып қалады. Бала жеті жасқа дейін бәрін сипіріп алады. Сондықтан жеті жасқа дейін үлкендер балаға барынша махаббат беру қажет. Жеті жастан он төрт жасқа дейін дос болу керек. Ал он төрт жастан кейін сену керек. Осы кезде ересек адамдармен жұмыс істегенде, бала кезден ішінде реніш бар екені байқалады. Бірақ мен өкешесі баласынан кешірім сұрау керек дегенді құптамаймын. Егер кішкентай кезінен ата-анаман бақытты еңгіретің есінде қалмаса, онда үлкейген кезде де ата-анана жақсылық жасауға, балалық шақты еске алып құшақтауға, сол кезде жетпеген мейірімді алуға болады. Кейбір отбасыларда қиындықтар болады. Сондықтан балаларға қандай жағдай болсын, үйдегі мәселені көрсетпей, ересектерше түзде шешіп, үйде оны сіндірмей, баланың қабылдап алуына мүмкіндік бермеу қажет.

Барды бағалап үйрен

– Әлеуметтік желіде байқаймын, үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүресіз. Айналаңызға мейірім тоғип тұратыныңыз сезіледі. Мұндай қасиет мамандығыңызға байланысты ма?

– Бұл менің бойымдағы қасиетім. Мектепте, университетте көпбаласы болдым. Әжемнің тәрбиесінде болдым. Әкем – педагог. Қатал тәртіппен өстім. Жоқтықты көрген кездер де болды. Бірақ кішкентай нәрсені қиындайтып, әр сәтті бағалап, әр сәтке риза болуды сол кісілерден үйрендім. Әр сәт – Алланың берген нығметі. Маған көбісі «астында машина, басында үйің жоқ» деп айтады. Мен бір-ақ сөйлеммен жауап беремін. «Мен



адаммын. Өмірге жылап жүру үшін келген жоқпын. Мен өмірге ризамын. Менің тренинг сабақтарымың тақырыбы да «Мен өмірге ризамын» деп аталады. Өзімді қабылдаған адаммын. Алла мені адамзатқа қызмет етуді бұйыртқан шығар. Қаншама бала тәрбиелеп, дұрыс жол сілтедім. Әр нәрсеге шынайы риза болып, тәкаппарланбай өмір сүремін. Өз өміріңе риза болу – үлкен бақыт. Ол көп адамның қолынан келмейді. Жақында «Өзіне өзін психолог» сабағым дайын болады. Бұл сабақты тегін бір адамнан өткізіп, тәжірибе жинақтадым. Нәтижесі керемет. 15 жылдық тәжірибемді жинақтап отырмын. Мені адамдар өздері іздеп келеді. Инстаграмға видео салып, өзінді жарнамалап отыратын уақытым жоқ. Мақтанғанымды жеке көремін. Болашақта кітап жазу жоспарымда бар.

– Дегенмен сол жақсы адам болуға ұмтылып жүргенде келергі келтіретін жандар кездеседі. Сондай кезде қалай жақсы болып қаламыз?

– Жалпы ешкімге реңкімеу керек. Барды бағалап үйрен. Иә, реңкіп, жатып қалатын кездері де болады. Бірақ өзімді тез қолға алам.

– Біздің айлардың негізгі мақсаты – жақсылыққа үндеу. Осы тұрғыда жақсы адам болуға қадам жасау үшін бір-екі кеңес айтсаңыз.

– Адамдарға кеңес бере отырып, оның өмірін қалыпта келтіру оңай дүние емес. Адамның барлығы жақсы. Жаман ететін өзіміз. Ниетімізбен, көреалмаушылықпен, қызғаншақтықпен. Біреу үшін жақсы адам болуға ұмтылмай-ақ қойыңыз. Өзіңіз үшін жақсы адам болыңыз. Біреуге бірденені дәлелдеудің қажеті жоқ. Жұртқа жағынып, қалтасында ақша болса сонымен дос болып өмір сүргеннен, өзіңмен өзін өмір сүр. Өзіңді дамыт. Оқы. Табиғатқа қара. Жай ғана қолыңнан келетін іспен айналыс. Үлкендердің батасын ал. Біреудің хақысына кірмеуді үйрен. Ішіне үнілші. Ішінде махаббат бар. Сен оны көре біл, сол махаббатты отбасыға, жақындарыңа бөлші. Сол энергия қайтып айналып өзіне келеді. Ешкіммен есептесе. Өміріңізді шынайы жақсы көріңіз. Уақытты жоспарла. Өмірде қателестіңбе, сол сабақ деп ойла да, алға қарай жылжы. Біреу біз туралы теріс пікір айтса, сонымен алысуға дайын тұрамыз. Оған қанша энергия кетеді. Сені біреу сатқп кетсе де, «ризамын, рахмет» деңіз. Одан кейін ол қатені қайталамауға тырыс. Кез келген сынақты сабақ деп қабылдағанда өмірің жеңілдей түседі. Сондай-ақ жақсы пен үйдің арасындағы энергияны дағала тастап кету қажет.

Үйге күліп кір. Жұмысқа күліп кір. Ата-ананың жүріс-тұрысы балаға сондай махаббатпен беріледі. Бала махаббатқа толып өскен кезде оның өмірінде қиындық болмайды.

Қазіргі жастардың өздерін дамытуға, өмірді жеңіл қабылдауға, жақсы қаржы табуға, рухани білім алуға ұмтылысы жоғары. Соңғы кездері психологқа ата-анасын әкелгісі келетін оқушылар көбейген. Үлкендер баланың балалық шағын ұрлауы қажет. Өмірді қиындау да, оңай ету де – біздің қабылдауымызда. Өзіңде жоспар болмаса, өзге адамдардың жоспарында жүресін. Ал өмірдің мәні өсу дегенді ұғып алған адам артқа қарамайды.

– Өңгімеңізге рахмет.

Айтқолқы АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газетің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тірлеу күзегі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Атқасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын авторын, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4400 Тапсырыс №225

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШІЛІК